

А.К. Акбергенова¹
С.М. Егембердиева²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: Akbergenova_akmaral@mail.ru¹, Saule_8@mail.ru²)

Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы

Аннотация. Мақалада моноқалалар мен қала құраушы кәсіпорындар арасындағы өзара байланысы және қазіргі қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері қарастырылады. Қала құраушы кәсіпорын негізінде қаланың әлеуметтік-экономикалық ортасы қалыптасады, оның сапалық сипаты мен даму деңгейі халықтың өмір сүру деңгейіне үлкен әсер етеді. Қала инфрақұрылымдарының дамуы, сондай-ақ, аумақтың инвестициялық құндылығы қала құраушы кәсіпорынның жұмыс істеуі үшін жағдай жасауға, сыртқы орта жағдайларын жасауға мүмкіндік береді. Бұдан тек қала экономикасы ғана емес, сонымен бірге, бүкіл өңірді дамытуға арналған стратегиялық іс-шаралар, ең алдымен, қала құраушы кәсіпорындардың қызметіне байланысты жағдайлар қарастырылған.

Түйін сөздер: әлеуметтік-экономикалық даму, моноқала, қала құраушы кәсіпорын, мемлекеттік реттеу.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2021-1-20-28>

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі әлеуметтік-экономикалық дамудың ерекше сценарийлерін талап ететін елдің моноқалаларының қызмет ету ерекшелігі мен стратегиялық сипатын анықтайды. Монофункционалды елді мекендер қалыптасатын өндіргіш күштерді осындай орналастырудың орындылығы мен тиімділігіне қатысты пікірталастарға қарамастан, қалалар бар және олардың Қазақстан экономикасы үшін маңызы айқын. Соңғы жылдардағы қаржылық дағдарыс моноқалалардағы экономикалық және әлеуметтік жағдайындағы мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын қарастырудың қажеттігін анықтады. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық мәселелерді мемлекеттің

әртүрлі араласу тәсілдерін қолдана отырып шешу көзделген.

Аймақты дамытудың басты шараларының бірі моноқаланы қалыптастыру болып табылады және ол қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі жолдауында өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда бірнеше міндеттер қойды. Онда ірі металлургиялық кәсіпорындары жұмыс істейтін өңірлерді дамытудың жаңа пайымы талап етілді. Бұл, бірінші кезекте, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары екенін атап өтті. Сонымен қатар, әсіресе, моноқалаларымызға «екінші тыныс» беру маңыздылығы мен қала құраушы кәсіпорындарға үлкен жауапкершілік

жүктелетіндігі басымдықпен айтылған болатын [1]. Қала құраушы кәсіпорындар белсенді қатысуынсыз бұл міндет орындалмайды. Моноқалаларды дамытуға қатысты 2012 жылы моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды. Аталған бағдарлама үш негізгі басымдықты айқындады: әлеуеті төмен моноқалалардың бірінші кезектегі өткір проблемаларын шешу, әлеуеті орташа моноқалаларды дамыту үшін жағдай жасау және әлеуеті жоғары моноқалаларды одан әрі орнықты дамыту [2].

Аталған бағдарлама моноқалаларды әртараптандыру арқылы халықтың еңбекпен қамтылуын, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың тиімді құрылымын қамтамасыз етуге бағытталған. Соған сәйкес, экономикалық күш-қуаты жағынан жоғары, орта, төмен моноқалалар анықталды. Сонымен бірге, «Өңірді дамыту», «Бизнес жол картасы», «2020 жылға дейін еңбекпен қамту бағдарламасы», т.б. бағдарламалар аясында аймақтардың дамуына мемлекеттік қолдау көрсету бойынша атқарылатын шаралардың жалғасы болып табылады.

Елдің шағын және моноқалаларының көпшілігінде, негізінен бұрынғы қала құраушы кәсіпорындардың немесе үстем саланың жай-күйіне байланысты проблемалар кешені орын алды. Сонымен бірге, республиканың қала құраушы кәсіпорындарының дамуы оларға көрсетілген мемлекеттік қолдаудың, атап айтқанда, өндірістерді дүркін-дүркін тікелей немесе жанама субсидиялау айтарлықтай экономикалық әсер бермейтінін көрсетеді. Моноқалалардағы кәсіпорындарға берілетін субсидиялар мен мемлекеттік қолдаудың кез келген басқа нысаны тек қана уақытша сипатта болуға және жаңа, өзін-өзі ақтайтын, пайдалы, экономикалық перспективасы жақсы моноқалаларды әртараптандыруға ықпал ететін өндірістерге бағдарлануға тиіс. Жалпы, моноқалалардың экономикасын қайта құрылымдау кезінде қолда бар резервтер мен артықшылықтарды (туристік рекреациялық әлеует және басқалар) пайдалану қажет [3].

Қазақстан моноқалаларының дамуына кедергі келтіретін ерекшелігіне: моноқала-

лардың көпшілігі халқы аз аудандарда орналасқан, жеткілікті түрде қолайлы көлік-географиялық жағдайы жоқ; моноқалалардың басым бөлігінде қолайлы инвестициялық ахуал жоқ, бизнес жүргізу үшін дамыған институционалдық орта жоқ; көптеген жағдайларда жаңғырту және дамыту бағдарламаларын қалыптастыруға формалды көзқарас басым; өздері тұрып, жұмыс істейтін қалаларды жаңғырту процесіне белсенді қатысуды білмейтін және үйренбеген халықтың пассивтілігінің жоғары деңгейі.

Моноқаланың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын теориялық негіздеу болып табылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдістемелік негізі моноқаланың әлеуметтік-экономикалық дамуын теория, әдістеме, бағалау және талдау саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың түпкілікті және қолданбалы зерттеулерінің, сондай-ақ, өңірлік экономика бойынша ғылыми жұмыстардың ережелері болды.

Талқылау

Өнеркәсіптік өндіріс көлемі және жұмыспен қамтылған халықтың негізгі бөлігі (20% және одан көп) бір бейіндегі қалаларға және шикізаттық бағыттағы 1-2 қала құраушы кәсіпорындарда шоғырланған қалалар жатады. Қазақстанда 1,5 млн халқы бар 27 моноқалалар бар, бұл елдегі қала халқының 16%-ын құрайды. Оның 8-і Қарағанды облысына қарайды: Теміртау, Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Сәтпаев, Саран, Шахтинск, Абай қалалары. Онда өңір халқының 44%-ы тұрады. [4].

Өнеркәсіптік қызметпен айналысатын кәсіпорындар, әдетте, екі ерекшелігімен анықталады. Біріншісі, бұл кәсіпорындар қала құраушы болып табылады, өйткені қалалар осы типтегі кәсіпорындардың болуына байланысты қалыптасып, дамиды. Екінші ерекшелігі, қолданыстағы қала құрушы кәсіпорындардың барлығы дерлік ескірген, жалпы тозудан басқа, олар әлі де ескі технологияларды қолданады.

Қала құраушы кәсіпорындар көлік, байланыс, телекоммуникация, энергетика және инженерлік қамтамасыз ету сияқты қызмет көрсету нарықтарын дамытуда жергілікті халық үшін жұмыс орындарын ашады және басты локомотив болып табылады, өйткені халық олардың белсенді тұтынушылары болып табылады [5].

Қала құраушы кәсіпорындардың есебінен әлеуметтік-экономикалық орта қалыптасады, оның сапалық сипаттамалары мен даму дәрежесі халықтың өмір сүру деңгейіне үлкен әсер етеді. Осылайша, әртүрлі инфрақұрылымдардың дамуы, сондай-ақ, аумақтың инвестициялық құндылығы және басқа да аспектілері қала құраушы кәсіпорынның жұмыс істеуі үшін жағдай жасауға, бизнес-процестерге айтарлықтай әсер ететін сыртқы орта жағдайларын жасауға мүмкіндік береді. Бұдан, мақсаты моноқалаларды ғана емес, сонымен бірге, олар жататын бүкіл өңірді дамыту болып табылатын стратегиялық іс-шаралар, ең алдымен, қала құраушы кәсіпорындардың өз жұмысына және жұмыс істеп тұрған қызметіне байланысты болады.

Осындай моноқала ретінде Жезқазған қаласын айтуға болады. Қаланың даму келешегін анықтау үшін ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1550 қаулысымен Қарағанды облысының Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді [6]. Қаланы дамытудың кешенді жоспары қала экономикасын әртараптандыруға, кәсіпкерлікті дамытуға, сондай-ақ, қала инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

Жезқазған қаласына Кеңгір, Талап және Сарыкеңгір үш ауылдық округ - әкімшілігі қарастырылады. Қаланың әлеуметтік дамыған инфрақұрылымы бар. Жалпы, қала экономикасын өнеркәсіп анықтайды, оның даму деңгейі оның әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен тұрақты әлеуметтік климатының басты көрсеткіші болып табылады. Нарықтық мамандануды анықтайтын қаланың маңызды салалары металлургия кешені және электр энергетикасы болып табылады. Біріншіден, бұл пайдалы қазбаларды игеру және оларды

кейіннен өңдеу. Қалада металлургия саласындағы кәсіпорындардан басқа, құрылыс материалдарын, машина жасауды, тамақ және тігін өнімдерін шығаратын кәсіпорындар жұмыс істейді. Жезқазған аймағының дамуы, бірінші кезекте, пайдалы қазбаларды игерумен және оларды қайта өңдеумен байланысты болып отыр. Жезқазған қаласының өнеркәсібі тау-кен өндіру, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарымен, электр энергиясын және жылу энергиясын бөлумен ұсынылған.

Қаланың даму болашағы қаламыздағы ең ірі кәсіпорындарының бірі - «Қазахмыс Корпорациясы» ЖШС кәсіпорынның қызметінің дамуымен тығыз байланысты, ол өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемінің 89,3% үлесін алып отыр. Қалада бұл кәсіпорыннан басқа жалпы 12 өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс жасайды оларға, «Жезқазғантүстімет» ӨБ, «Қазақмыс Энерджи» ЖШС, «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС болып табылады. Орташа кәсіпорын қатарына: «Жезқазғанредмет» РМК, «Ютария ЛТД» ЖШС, «ЖезРЭК» АҚ, «ЖСЖК» АҚ және 40-тан астам шағын кәсіпорындар.

Кесте 1

Жезқазған қаласындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың тізімі

№	Жұмыс істейтін кәсіпорындар атауы	Нысаны
1	«Жезқазған мыс қорыту зауыты»	Ірі
2	«Қазахмыс Смэлтинг» ЖШС	Ірі
3	«Қазахмыс Энерджи» ЖШС	Ірі
4	«ЖезРЭК» АҚ	Орташа
5	«Ютария LTD» ЖШС	Орташа
6	«Казтехфильтр» ЖШС	Орташа
7	«Хлебопродукты» АҚ	Орташа
8	«ПТВС» АҚ	Ірі
9	«Жезқазғантүстімет» РПП	Ірі
10	«ВАУАН» ЖШС	Орташа
11	«Племптицеторг» ЖШС	Орташа
12	«Сут Жагасы» ЖШС	Орташа
13	«Ұлытау Флора»	Орташа
*автормен құрастырылған		

Қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру аталған негізгі қала құраушы кәсіпорындарға тікелей байланысты.

Қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтерудің негізгі мақсаты бірнеше бағытты қамтиды:

- экономикалық өсу орталықтарын дамыту;
- өңдеуші өнеркәсіптің әртараптандырылуы және бәсекеге қабілеттілігінің болуы;
- агроөнеркәсіптік кешенінің бәсекеге қабілеттілігінің өсуі;
- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- ішкі сауданы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- өңірдің инвестициялық тартымдылығы.
- білім берудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру;
- тұрақты әлеуметтік-демографиялық дамуды қамтамасыз ету үшін халықтың денсаулығын жақсарту;
- азаматтарды әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесі;
- мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- бұқаралық спортты, дене шынықтыру-сауықтыру қозғалысын және жоғары жетістіктер спортын дамыту;

- туристік саланы дамыту;
- мемлекеттілікті және ұлт бірлігін одан әрі нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету;

- жастар саясатын дамытуды іске асыруға жастардың қатысуын қамтамасыз ету.

Жезқазған қаласының экономикасының жоғарлауы аймағымыздағы кәсіпорындардың тиімді қызмет етуімен байланысты. Қазіргі уақытта мемлекеттік қолдаудың арқасында Жезқазған қаласының әлеуметтік жағдайының көтерілуіне де септігін тигізеді. Қаланың өнеркәсіптік әлеуетін экономиканың өңдеуші және өндіруші секторларының ірі, орта және шағын кәсіпорындары айқындайды. Қаланың негізгі үлесі түсті және сирек кездесетін металдар өндірісінде шоғырланған. Жезқазған қаласының өнеркәсіптік дамуының тиімді жағы өңдеу өнеркәсібі дамуының жоғары деңгейі болып табылады. Жағымсыз жағы өнеркәсіптік әлеуетті дамытудың монобағыты және қала экономикасының тау-кен металлургия кешенінің ірі кәсіпорындарына қатты тәуелділігі болып табылады.

Қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындарын талдайтын болсақ, ең көп өндіріс үлесі өндірістік кәсіпорынында байқалады. 2017 жылы 168 812,1 млн. теңгені құраса, 2020 жылы қаңтар-қыркүйек айларында бұл көрсеткіш 240 402 млн. теңгеге қарқынды өскенін көреміз.

Кесте 2

Жезқазған қаласының өнеркәсіптік кәсіпорындарының әлеуеті

Көрсеткіш	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	Қаңтар- қыркүйек 2020жыл
Өнеркәсіптік кәсіпорын				
Өнеркәсіптік өндіріс көлемі, млн.тенге	168 812,1	194 396,1	266 883,2	240 402
Қызметкерлердің бір жылдағы орташа тізімдік саны, адам	11 271	11 360	11 403	11 431
Тау-кен өндіру кәсіпорын				
Тау-кен өндіру өнеркәсібі өндірісінің көлемі, млн.тенге	106 137,2	1 109,8	877	980,5
Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі тау-кен өндіру саласының үлес салмағы, %	62,9	0,6	0,3	0,4
Өңдеу өнеркәсібі				
Өңдеу өнеркәсібі өндірісінің көлемі, млн. тенге	40 073,3	171 597,9	239 525,4	222 484,8
Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам.	10 250	10 301	10325	10 421

Салада жұмыспен қамтылған халықтың саны 2017 жылы 11,2 мың адамды, 2018 жылы - 11,3 мың адамды құрады, 2019 жылы 11,4 мың адамға дейін өсті, 2020 жылы - 11,4 мың адамды құрады. 2017 жылғы қаңтардан 2019 жылғы дейінгі кезеңде Жезқазған қаласында өнеркәсіпті дамытуға негізгі капиталға 32 433,2 млн. теңге сомасында инвестициялар жіберілді. 2020 жылдың қаңтар-қыркүйек қорытындысы бойынша қалада өнеркәсіптік өндірістің нақты көлем индексі 110,7%-ды құрады.

Тау-кен өндіру саласындағы кәсіпорындардың бірі «Жезқазғантүстімет» ӨБ қала құраушы кәсіпорны болып табылады. Тау-кен өндіру саласында жұмыспен қамтылғандар саны 2017 жылғы 208 адамнан 2018 жылы 456 адамға дейін ұлғайды. 2017 жылдан бастап қалада тау-кен өндіру өнеркәсібінің нақты көлем индексінің ұлғаюы байқалады: 2017 жылы – 101%; 2018 жылы-123,9%, 2020 жылы қаңтар-қыркүйек – 157,9%.

Өңдеу өнеркәсіп өндірісі кәсіпорын саласы бойынша 2017 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде өңдеу өнеркәсібі өндірісі көлемінің өсуі байқалады: 2019 жылы өндіріс көлемі 239 525,4 млн. теңгені құрады, 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 6 есеге артты; 2019 жылы өндіріс көлемі 239 525,4 млн. теңгені құрады, 2018 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 39,6%-ға артты; 2018 жылы өндіріс көлемі 171 597,9 млн. теңгені құрады, 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 4,3 есеге артты.

«Ютария LTD» ЖШС кәсіпорыны жеке тігу қызметімен айналысатын қаланың жеңіл өнеркәсібі саласын дамытуға үлесін қосып отырған бірден-бір кәсіпорын болып табылады. Бұл кәсіпорын ерлер мен әйелдердің сыртқы трикотаж киімдерін шығарады, сондай-ақ, мамандандырылған киім тігеді. Бүгінгі таңда «Ютария LTD» ЖШС саланың жетекші кәсіпорны болып табылады. Шығарылған өнім тау-кен металлургия кешенінің, энергетика саласының кәсіпорындарына жеткізіледі. Жалпы жеңіл өнеркәсіпте 2019 жылы 955,3 млн. теңге сомасына өнім өндірілді, 2018 жылмен салыстырғанда 29,5%-ға (1354,4 млн. теңге), 2017 жылға (1126,9 млн. теңге) 15,2%-ға төмендеу байқалады. Көрсеткіштердің төмен-

деу себебі «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС тапсырыстарының азаюымен байланысты.

Химия өнеркәсібі «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС кәсіпорнымен ұсынылған. Жалпы химия өнеркәсібінде 2019 жылы 4572,9 млн. теңге сомасына өнім өндірілді, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 42,6%-ға артық (3206,5 млн. теңге).

Машина жасау саласы келесі кәсіпорындардан тұрады: «Казтехфильтр» ЖШС, «Жезказганавтотрансигнал» ЖШС, «GRP-Азия» ЖШС. 2019 жылы машина жасау өндірісінің көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 2,8 есе артып, 6839,2 млн. теңгені құрады.

«Сарыарқа» магистралды газ құбырының 1061 шақырымының 765 шақырымы Қарағанды облысының аумағы арқылы өтті. Қарағанды, Теміртау қаласымен қоса, Жезқазған қаласында да газ тарату желілерінің құрылысы жүргізілуде.

Осы саладағы өндірістің жалпы көлеміндегі негізгі үлесті «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС тау-кен шахталық кәсіпорындары үшін машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындар алады.

Ауыл шаруашылығын табысты дамытудың басты факторларының бірі ауыл шаруашылығына пайдалануға жарамды жер ресурстары болып табылады. Ауыл шаруашылығын дамытудағы негізгі бағыттар: 1. Мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы саласының жалпы өндірісі көлемінде 37,8% (2019 жыл); 2. Өсімдік шаруашылығы, ауыл шаруашылығы саласының жалпы өндірісі көлемінде 62,2% - ды құрайды (2019 жыл).

Жезқазған қаласының ірі кәсіпорындарының бейінді емес активтеріне шағын және орта кәсіпкерліктің қатысуы және дамуы экономика дамуының қазіргі кезеңінде өзекті және экономикалық орынды болып табылады, өйткені бұл шағын және орта кәсіпорындардың ірі кәсіпорындармен өзара іс-қимылын одан әрі дамытуды білдіреді. Ынтымақтастықтың мұндай нысаны әлемдік практикада неғұрлым тиімді деп танылды.

Аймақтағы ішкі туризмді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Ұлытау өңірлері өңірлік туризм

нысандарының ТОП-50 қатарына енді. Облыс бойынша 2019 жылы барлығы 1,4 млрд. теңгеге 13 жоба іске асырылған.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму факторлары жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Біріншіден, халықтың аумақтық бөлінісі мен этникалық құрамының ерекшеліктері көші-қонның, әсіресе, сыртқы көші-қонның теріс тенденцияларын анықтайды. Әлеуметтік-экономикалық жағдайға бірқатар әлеуметтік проблемалармен сипатталатын көптеген моноқалалардың болуы да әсер етеді [7].

Нәтижелер

Экономиканы жаңғырту, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету міндеттерін шешу көбінесе шағын және орта бизнестің әлеуетін іске асыруға байланысты және кәсіпкерлік сектордың экономиканың дәстүрлі және инновациялық салаларына қосатын үлесінің өсуімен тікелей байланысты [8].

Бүгінгі таңда моноқалалардың ең кең таралған мәселесі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының әрекеті болып саналады. Бұл саладағы проблема әртүрлі жөндеу жұмыстарын қаржыландыруға, сондай-ақ, қолданыстағы халықты жылыту және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін қажетті жабдықтарды уақытылы ауыстыруға қаражаттың жеткіліксіз болуынан тұрады.

Сонымен қатар, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының бірнеше өзекті мәселелеріне тоқталатын болсақ:

- Өнеркәсіп саласы бойынша:
 - негізгі қорлардың едәуір тозуы және өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі;
 - қосылған құны жоғары өнім экспортының төмен үлесі;
 - отандық өнімді тұтынудың болмашы үлесі.
- Агроөнеркәсіп кешені бойынша:
 - мал шаруашылығы үй-жайларының жеткіліксіздігі (шағын және орта шаруашылықтарда қаржы қаражатының болмауына байланысты мал орындарын салу мен қайта жаңарту мүмкіндігі жоқ);

- өсімдік шаруашылығы өнімдерін шығарудың тұрақсыз өсу қарқыны;

- заманауи технологияларды қолданудың төмен деңгейі;

- әлеуетті инвесторлардың жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы аз хабардар болуы.

- Шағын және орта бизнесті дамыту бойынша:

- жылжымайтын мүлікті, көлікті сатып алуға, бөлшек сауданы дамытуға жобаларды кредиттеуге екінші деңгейдегі банктердің өңдеуші өнеркәсіптегі жобаларға кредит беруден жиі бас тартуы;

- кепілдік мүлікті бағалаудың төмендетілген құны, бұл несие ресурстарына қолжетімділікті шектейді;

- шағын және орта кәсіпорындардың сыртқы нарықтарға шығуының күрделілігі;

- шағын және орта бизнесті ғылыми қамтамасыз ету мәселелері.

- Инвестициялық және инновациялық дамуы бойынша:

- инвестиция салудың әлеуетті нарықтары;

- қазақстандық компаниялар үшін осы нарықтарға шығу тәсілдері туралы жеткілікті ақпараттың болмауы.

- Жастар саясатының өзекті мәселелері:
 - өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз жастармен жұмыс жөніндегі жобалар санының жеткіліксіздігі, жұмысқа орналасу проблемалары;

- тұрғын үймен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі;

- жоғары білім алудың жоғары құны.

- Білім беруді дамытудың өзекті мәселелері:

- мектепке дейінгі ұйымдарда дефектологтардың, логопедтердің және психологтардың тапшылығы мәселесі;

- шағын жинақталған мектептерде білікті кадрлардың тапшылығы;

- материалдық-техникалық жабдықтау деңгейінің төмендігі.

Қорытынды

Қаланың проблемаларын шешудің маңызды құралы - ол ірі қала құраушы кәсіпорындармен бірлескен әріптестік бағдарламаларды

іске асыру және мемлекет тарапынан бағдарламаның іске асуын бақылау болып табылады.

Сонымен қатар, моноқаланың кәсіпкерлік ортасын дамытуға бағытталған негізгі іс-шара ретінде шағын және орта бизнестің ірі кәсіпорындармен, оның ішінде, қала құраушыларымен кооперациялық байланыстарын құру неғұрлым қолайлы болып табылады. Мемлекет тарапынан моноқалалардың қала құраушы кәсіпорындарына қолдау көрсету елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына қосымша серпін береді [9]. Өңірде ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар жұмыс істейтінін еске-

ре отырып, осындай проблемаларды шешу үшін әлеуметтік жауапкершілік деңгейін жүйелі түрде арттыру қажет.

Қорыта келгенде, қала экономикасының дамуын басқаруды жетілдіру үшін: орталық пен аймақтардың бюджеттік өкілеттіліктерін шектеу саясатын жалғастыру керек; мемлекеттік басқару органдарынан жергілікті органдарға әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды беру кезінде олардың қаржыландыру көлемі азаймауы тиіс; бюджетті әзірлеу қала өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылуы керек.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы. –1 қыркүйек 2020ж. [Электрондық ресурс] - URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakistan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (дата обращения: 28.10.20)
2. Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. [Электрондық ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000683> (дата обращения: 30.09.20)
3. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы. [Электрондық ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000767> (дата обращения: 28.10.20)
4. Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жж. даму бағдарламасы. [Электрондық ресурс] - URL: http://upravl-econ-karaganda.crealog.kz/kk/prt_obl_2019 (дата обращения: 22.10.20)
5. Алушкин Ю.А. Градообразующее предприятие как фактор социально-экономического развития территории. автореферат. - Санкт-Петербург: Высшая школа экономики, 2011. – 3 с.
6. ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1550 қаулысымен Қарағанды облысының Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары. [Электрондық ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001505> (дата обращения: 16.10.20)
7. Другова Г.А. Проблема взаимодействия в системе моногород — градообразующее предприятие // Научный журнал: Молодой ученый. – 2017. – Т. 153. - № 19. – С.123-127.
8. Хазов А.Ю. Проблемы и перспективы развития малого предпринимательства в регионе // Научный альманах. Тамбов. - 2015. – Т. 12. - № 10-1. – С. 426–428.
9. Лукушин А.В. Роль градообразующих предприятий в социально-экономическом развитии моногородов. // Журнал научных публикаций Дискуссия. – 2016. – Т. 68. - № 5. – С. 33-36.

А.К. Акбергенова, С.М. Егембердиева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Социально-экономическое развитие города

Аннотация. В статье рассматриваются взаимосвязь моногородов и градообразующих предприятий и актуальные вопросы социально-экономического развития современного города. На основе градообразующего предприятия формируется социально-экономическая среда города, качественный характер и уровень развития которой оказывают большое влияние на уровень жизни населения. Развитие город-

ской инфраструктуры, а также инвестиционная ценность территории позволяют создать условия для функционирования градообразующего предприятия, создать условия внешней среды. Из этого следует, что предусмотрены стратегические мероприятия, направленные на развитие не только экономики города, но и всего региона, прежде всего, связанные с деятельностью градообразующих предприятий.

Ключевые слова: социально-экономическое развитие, моногород, градообразующее предприятие, государственное регулирование.

A.K. Akbergenova, S.M. Egemberdieva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Socio-economic development of the city

Abstract. The article discusses the relationship between single-industry towns and city-forming enterprises and current issues of socio-economic development of a modern city. On the basis of the city-forming enterprise, the socio-economic environment of the city is formed, the quality and level of development of which has a great impact on the standard of living of the population. The development of urban infrastructure, as well as the investment value of the territory, make it possible to create conditions for the functioning of the city-forming enterprise, to create conditions for the external environment. It follows from this that strategic measures are envisaged aimed at developing not only the city's economy, but also the entire region, primarily related to the activities of city-forming enterprises.

Keywords: socio-economic development, single-industry city, city-forming enterprise, state regulation.

References

1. KR Prezidenti K.K.Tokaevtyн «ZHana zhagdajdagy Kazakstan: is-kimyl kezeni» atty halykka Zholdaуy. –1 kyrkyjek 2020zh [Address of the president of the Republic of Kazakhstan K.K.Tokayev to the people of Kazakhstan «Kazakhstan in New conditions: a stage of action».1September, 2020]. [Electronic resource] - Available at: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdaуy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (Accessed: 28.10.20)
2. Monokalalardy damytudyn 2012-2020 zhyldarga arnalgan bagdarlamasy [Single-industry towns development program for 2012-2020]. [Electronic resource] -Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000683> (Accessed: 30.09.20)
3. Onirlerdi damytudyn 2020 zhyлга dejingi memlekettik bagdarlamasy [State Regional Development Program until 2020]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000767> (Accessed: 28.10.20)
4. Karagandy oblysyn damytudyn 2016-2020 zhzh. damu bagdarlamasy [Development Program for the development of Karaganda region for 2016-2020]. [Electronic resource] - Available at: http://upravl-econ-karaganda.crealog.kz/kk/prt_obl_2019 (Accessed: 28.10.20)
5. Alushkin Yu.A. Gradoobrazuyushchee predpriyatie kak faktor social'no-ekonomicheskogo razvitiya territorii [City-forming enterprise as a factor of socio-economic development of the territory] (Saint Petersburg: Higher school of Economics, 2011, 3 p.). [in Russian]
6. KR Ykimetinин 2013 zhyлgy 31 zheltoksandagy №1550 kaulysymen Karagandy oblysynyn ZHezkazgan, Satbaev kalalary men Ulytau audanyn aleumettik-ekonomikalyk damytudyn 2012-2020 zhyldarga arnalgan keshendi zhospary [Comprehensive Plan of socio-economic development of Zhezkazgan, Satpayev and Ulytau District of Karaganda region for 2012-2020 by the resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 31, 2013 No. 1550]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001505> (Accessed: 16.10.20)
7. Drugova G.A. Problema vzaimodejstviya v sisteme monogorod —gradoobrazuyushchee predpriyatie, Nauchnyj zhurnal: Molodoj uchenyj [The problem of interaction in the system of a single — industry-graduate enterprise. unapproachable, young scholar], 19 (153), 123-127 (2017). [in Russian]

8. Khazov A. Yu. Problemy i perspektivy razvitiya malogo predprinimatel'stva v regione, Nauchnyj al'manah [problems and prospects of development of small entrepreneurship in the region, scientific Almanac. Tambov], 10-1(12), 426-428 (2015). [in Russian]

9. Lukashin A. V. Rol' gradoobrazuyushchih predpriyatij v social'no-ekonomicheskom razvitii monogorodov, Zhurnal nauchnyh publikacij Diskussiya [The role of city-forming enterprises in the socio-economic development of single-industry towns, journal of scientific publications Discussion], 5 (68), 33-36 (2016). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Акбергенова А.К. – негізгі автор, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Егембердиева С.М. – э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Akbergenova A.K. – **The main author**, Doctoral student of penetration, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Egemberdieva M.S. – Doctor of Economics, Professor; L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.